



Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпараттарына рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі № 08-1-1-1/135 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 сәуірде № 8439 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 11-1-2/599 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 23.12.2015 № 11-1-2/599 бұйрығымен.

«Бажсыз сауда дүкендеріндегі тауарларды өткізу қағидаларын, бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізудің қосымша қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 40 қаулысына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпараттарына рұқсат беру қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы Р.С. Жошыбаевқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

Министр

Е.Ыдырысов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С ы р т қ ы

і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 2

с ә у і р д е г і

№

0 8 - 1 - 1 - 1 / 1 3 5

бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпараттарына рұқсат беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпараттарына рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдардың қызметтік ақпараттармен жұмыс істеу Ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 51 қбпү және «Бажсыз сауда дүкендеріндегі тауарлардың сату ережелерін, бажсыз сауда дүкендерінің иелерінің тізілімге енгізудің қосымша шарттарын бекіту туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 40 қаулыларына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалармен реттелетін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) таратылуға шектелген ақпараттарға дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың, консулдық мекемелердің, сондай-ақ дипломатиялық агенттердің, консулдық лауазымды адамдардың және олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің аккредиттелінуі жөніндегі мәліметтер жатқызылады (бұдан әрі – қызметтік а қ п а р а т) .

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпаратымен жұмыс жасауға рұқсат астанада бажсыз сауда дүкенін ашуға ниет еткен заңды тұлғаға (бұдан әрі – Өтініш беруші) беріледі.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпаратымен жұмыс жасауға рұқсат берілген заңды тұлға:

1) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпаратын ғаламдық және жергілікті ақпараттық желілерге о р н а л а с т ы р м а й д ы ;

2) оны ашық түрдегі сөз сөйлеулерге немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін пайдаланбайды;

3) қызметтік ақпаратты ашық көрмелерге қоюға, хабарлама тақталарында, сөрелерде немесе басқа да бұқаралық орындарда көрсетпейді;

4) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпаратын көшірмейді, сканерден өткізбейді, байланыс құралдарына бермейді және жариялануына жәрдемдесетін өзге де әрекеттерді жасамайды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің таратылуға шектелген ақпаратына рұқсат беру тәртібі

4. Егер қызметтік ақпаратты электрондық құжат алмасу құралы арқылы алуға техникалық мүмкіндігі болмаса, онда Өтініш беруші Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымымен ақпараттық қолдау көрсету туралы шартты енгізеді.

Өтініш беруші ақпараттық қолдау көрсету туралы шарт жасасу үшін Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымға мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

1) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды

куәландырылған көшірмесін;

2) тұлғаның салық төлеуші ретінде тіркелген құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) құқық белгілейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

4) оларда есеп-шоттың ашылғаны туралы банктің растамасын;

5) бажсыз сауда дүкен ретінде пайдаланылатын үй-жайларды иелену құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

6) бажсыз сауда дүкені ретінде мәлімделген үй-жай мен аумақтың жоспарларын, сызбаларын;

7) Өтініш беруші қызметтік ақпаратқа рұқсаты бар қызметкерлерінің жеке куәлігі мен тағайындау туралы бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, тұрғылықты мекен жайы туралы анықтаманың түпнұсқасын, сотталғандығының бар болуы немесе болмауы туралы анықтаманы тапсырады.

5. Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақпараттық қолдауды ұсыну туралы шарттар жасасады.

6. Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымның ақпараттық қолдауды ұсыну туралы шартының бағасын қалыптастыру критерийлері Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымының ақпараттық қолдауды жүзеге асыруға арналған нақты шығындары болып табылады.

7. Министрліктің дипломатиялық корпуспен жұмыс жөніндегі ұйымымен ақпараттық қолдауды ұсыну туралы шарт жасасқаннан кейін Өтініш беруші еркін нысанда жасалған өтінішпен Министрлікке шығады, оған мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

2) тұлғаның салық төлеуші ретінде тіркелген құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) құрылтай құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) оларда есеп-шоттың ашылғаны туралы банктің растамасы;

5) бажсыз сауда дүкен ретінде пайдаланылатын үй-жайларды иелену құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) бажсыз сауда дүкені ретінде мәлімделген үй-жай мен аумақтың жоспарларын, сызбаларын;

7) қызметтік ақпаратты электрондық құжат алмасу құралдары арқылы алуға техникалық мүмкіндігінің барын растауы;

8) Өтініш беруші қызметтік ақпаратқа рұқсаты бар қызметкерлерінің жеке куәлігі мен тағайындау туралы бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, тұрғылықты мекенжайы туралы анықтаманың түпнұсқасын,

сотталмағандығы туралы анықтаманы, белгіленген нысан бойынша кәсіби жарамдылығы туралы медициналық анықтама қоса тіркеледі.

8. Министрлік Өтініш берушінің өтінішін күнтізбелік 15 күн ішінде қараудың қорытындысы бойынша төмендегі қабылданған шешімдердің бірі туралы жазбаша түрде хабардар етеді:

- 1) Министрліктің таратылуға шектелген ақпаратына рұқсат беру туралы;
- 2) Министрліктің таратылуға шектелген ақпаратына рұқсат беруден бас тарту туралы.

9. Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттар тапсырылмаған жағдайда, немесе тапсырылған құжаттардың дәйексіз екендігіне негіз бар болған кезде Министрліктің таратылуға шектелген ақпаратына рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

10. Министрліктің таратылуға шектелген ақпаратына рұқсат беру туралы шешім Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Министрліктің таратылуға шектелген қызметтік ақпаратын пайдалану арқылы жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру туралы бұйрығымен ресімделеді.

3. Қызметтік ақпаратпен жұмыс жасау тәртібі

11. Министрлік дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктерден, халықаралық ұйымдардан, консулдық мекемелерден бажсыз сауда дүкен иелері тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларға қызметтік ақпараттарды ұсынуға арналған рұқсатты сұрайды (бұдан әрі – Заңды тұлғалар).

Егер дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктерден, халықаралық ұйымдардан, консулдық мекемелерден қызметтік ақпаратты ұсынуға арналған келісім болмаған жағдайда, Министрлік Заңды тұлғаға мұндай өкілдіктер жөнінде қызметтік ақпаратты ұсынбайды.

12. Қызметтік ақпарат Заңды тұлғаларға айдың алғашқы жұмыс күні электрондық құжат алмасу құралы арқылы ұсынылады.

13. Заңды тұлғалардан мына жағдайларда:

- 1) бажсыз сауда дүкен иелері тізілімнен шығарылғанда;
- 2) Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасаған кезде;
- 3) берілген қызметтік ақпаратты жоғалтқанда;
- 4) заңды тұлғаның бажсыз сауда дүкенінің қызметін тоқтату туралы өтініш берген кезде қызметтік ақпаратқа рұқсаты қайтарып алынады.

14. Заңды тұлғаның қызметтік ақпаратқа рұқсатын қайтарып алған кезде осы Заңды тұлға алынған қызметтік ақпаратты Министрліктің жауапты адамының қатысуымен тез арада жояды, әрі ол туралы тиісті акті жасайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК